




АСТАНА АКШАМЫ

СУРЕТКЕР СӘУЛЕТШІ

Адамның шығармашылық түрғыдан өсуіне, шеберлігінің шындалуына жүрген-тұрған ортасының тигізег әсері мол. ҚР Суретшілер одағы мен Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі Есенғали Ахметовтің сәulet саласында мол табыстарға жетуінің формуласын осы сөз айқындайтын сияқты.



ДИЗАЙННЫҢ ШЫН ШЕБЕРІ

Әу баста ұстаз мамандығын таңдады. Семей педагогикалық институтын бітіріп, мектепте сабак берді. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын аяқтаған соң, осы оқу орнында оқытушы қызметін атқарды. Ұстазы Төлеубек Карамендітегі, қазіргі белгілі қолөнер шеберлері Әлібай және Сәуле Бапановтардың, белгілі суретші Молдахмет Кенбаевтың алдынан дәріс тындарды. Осындай өнердің нағыз майталмандарының үлгісін көргеннен кейін, өзінің де үлттық өнерге деген құштарлығы артып биіктеге қарай қанатын қомдады. Сәuletші ғимараттардың ішкі дизайннының шын шебері десек, қателесе қоймаспыз. Тырнақалды туындыларының бірі – Алматы қаласының Орталық мешіті. Жалпы, осы күндерге дейін бой көтерген ондаған мешіттің (Алматы облысында, Ақтау, Тараз қалаларында) құрылышында айшықты қолтаңбасын қалдырды. Соның ішінде Астана қаласындағы «Нұр Астана» және «Әзірет сұлтан» мешіттерінің әрленуіне сүбелі үлесін қосты. Осы жобалардың алғашқысы классикалық стильге жақын болса, екіншісі мұлде жаңаша сипатта әрленді.

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕШІТІ – ҚАЗАҚ ЖАНЫНЫҢ АЙНАСЫ

Есенғали Ахметовтің өзі де әр жобасына жаңалық қосқанды жөн көреді. Әрине, жергілікті ерекшеліктерді де назардан тыс қалдырмайды. «Әр жобаның өзіндік әсемдігі болады. Мәселен, ою-өрнектерді алғанда белгілі бір өнірге тән оюлар кездеседі. Бірақ, «Әзірет сұлтан» мешітін жобалағанда біз

казактың басын бір арнаға тоғыстыратын, яғни біртұтас қазақ ұлтын көрсететін, адамның жандүнесін шуақа бөлейтін, ұлтымыздың өнер үлгісін шетелдіктерге танытатын жобаны жасауға талпындық. Сол мақсатқа жеттік деп ойлаймын. Бұл мешітке барған сайын соған көзімді жеткізе түсіп, шетелдіктердің оған көп баратынын көріп жүрмін. Осы тұрғыдан алғанда, «Әзірет сұлтан» мешіті қазақ жанының айнасы іспеттес, бір сөзбен айтқанда, ұлт болмысымен астасқан туынды» дейді сәүлетші дизайнер.

Иә, Есенғали Ахметовтің бұлай дейтіндей жөні бар. Алматыда 30 жыл тұрып, ол жердегі шығармашылық орта таланттының ашылуына септігін тигізсе, осыдан бес жылдай бұрын Астанаға қоныс аударғанда да елордада өнердің шын жанашырларын жолықтырды. Сағындық Жанболатов, Саматбек Бекебай сынды белгілі сәүлетшілермен тізе қосып, жұмысқа кіріскең оның өрісі кеңейді. Сағындық Смайылұлымен бірге «Әзірет сұлтан» мешітінің жобасын жүзеге асырса, алдағы жылы елордада ашылуы тиіс жаңа мешітті жобалауды да бұл кісімен қосылып атқарды.

«Әзірет сұлтан» мешітінің жобасын жасағанда уақыт өте тығыз болды. Екі айдың ішінде негізгі залды жасап шығуымыз керек еді» дейтін сәүлетші бұл жобадан үлкен тәжірибе жинап шықты. Қазіргі таңда белгілі бір нысанды жобалау мерзімдерінен қорықпайды. «Еңбек – бәрін жеңбек» деген мәтелді ұстанып, білегін сыбана кірісуге дайын.

ӨНЕРДІ ҚЫЗГАНЫШ ӨШПРЕДІ

Бір айта кетерлігі, осы қундерге дейін Есенғали Мұстақымұлы ішін әрлеген ғимараттардың арасында сан алуан нысандар бар. Мешіттерге қоса, мәдени ошақтардың, білім беру мен спорт нысандарының, темір жол вокзалдарының, қонақ үйлердің, дәмханалардың ішкі дизайнның жасады. Атап өтетін болсақ, Алматыдағы М.Лермонтов атындағы театрдың ішкі көрінісін жаңартуға, Астанадағы Президенттік мәдени орталығының көрме залын әрлеуге қатысып, ҚР Тұнғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ішін әрлеу жұмыстарына кеңесшілік етіп, бұл ғимараттың сегізінші – тоғызынышы қабаттарындағы монументалды кескіндеменің авторлық ұжым жетекшісі атанды.

Сондай-ақ, Алматы қаласындағы «Бәбек» оқыту орталығы, елордадағы Назарбаев Университеті, Корғаныс министрлігінің Әскери академиясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыагаш қаласындағы гольф клубының да әрленуіне айшықты қолтаңбасын қалдырды. Қарағанды, Қызылорда, Шымкент, Түркістан, Тараз қалаларының темір жол вокзалдарының тар-тымды бола түсуіне үлесін қости.

Қазіргі заманда кейбір шығармашылық иелерінің ісі мен сөзі қабыса бермейтінін жиі байқап жүрміз. Ал Есенғали Ахметов адамның өмірдегі және өнердегі ұстанымдары бірдей болуы керек деп санайды.

«Адам өмірде таза болып, өз ісін ұнату керек. Еңбектен қашпай, маңайына жақсы орта да қалыптастыра білуі тиіс. Адам қандай талантты болса да, өз ортасын таба алмаса өшіп қалады. Мұндай мысалдарды көпtep келтіруге болады. Негізі кез келген өнер иесінің екінші сондай өнер иесіне деген

тартылыс күші болуы қажет. Өнердің шегі жоқ қой, сондыктан өнерде қызғаныш деген болмау керек. Жалпы қызғаныш деген «қызыл иттің» өнерге тигізер зияны мол. «Үйрен де, жирен де» деп жатады. Кезінде Қазақстанда шетелдік компаниялар қаптады деп байбалам салғандар болды. Бірақ, біздің олардан үйренгеніміз бар екенін мойындауға тиістіміз. Мен өзім шетелдіктермен көп жұмыс істедім. Олар біздің мамандарды бағалайды. Италиян, корей, түрік компаниялармен жұмыс істегендеге соған көз жеткіздім. Шынын айтқанда, сол арқылы да Қазақстанның сәулет өнері даму жолына түсті. Қазір еліміздің сәулет өнері еш елдікінен кем емес. Өзім де шетелдіктерден керегімді ала білдім деп ойлаймын. Бұл бір жағынан алғанда адамды бір орында тұрмай алға қозғалуға, әлі шықпаған биіктеге талпынуға мүмкіндік береді» деп түйінделі сөзін Есенғали Мұстакымұлы. Біз мұны тәжірибелі сәулетшінің сөзі сияқты ғана емес, болмысы ұстаз адамның сөзі ретінде де қабылдадық. Иә, қазақ «Талпынған, жетер мұратқа» дейді. Соның бір жарқын үлгісі – сәулетші-дизайнер Есенғали Ахметовтің өз өмір жолы. Оның түрлі халықаралық және республикалық байқауларға қатыса бастағанына ширек ғасыр толды. Сәулетші енбекінің еленуі туралы сөз сабактасақ, кезінде «Астанаға – 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталып, Президенттік мәдени орталығының әрленуіне қоскан улесі үшін мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің, «Әзірет сұлтан» мешітінің ішкі дизайнын жасағаны үшін елорда басшылығы мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұфтийінің алғысын алған. Бір қызығы, Есенғали Ахметовтің өзі қайсыбіреулер сияқты марапатқа құштар емес. Оның ұраны өзі менгерген істі сапалы атқарып шығу. Сәулет өнері дегенде жанын салады. Соның жарқын көрінісі – бүгінге күнге дейін көзге тартымды етіп жасап шыққан жобалары.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ